

"Жалын" республикалық әдеби-көркем журналы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 9 сәуірдегі N 341 қаулысы

Әдеби дәстүрлерді сақтау әрі дамыту, олардың сабақтастығын қамтамасыз ету және жас авторлардың шығармашылық әлеуетін ашу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің "Жалын" республикалық әдеби-көркем журналы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Кәсіпорынды мемлекеттік басқарудың уәкілетті органы болып белгіленсін.

3. "Жалын" әдеби-көркем журналын шығару үшін Кәсіпорын қызметінің негізгі мәні өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру, оның ішінде барлық қажетті ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық жағдайлар жасау болып белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен бір ай мерзімде:

1) Кәсіпорын жарғысын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне бекітуге енгізсін;

2) Кәсіпорынның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

3) осы қаулыны іске асыру үшін қажетті өзге де шаралар қабылдасын.

5. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі